

# Бесікке байланысты салт- дәстүрлер

**Орындаған:** Араш Ж

**Қабылдаған:**

**Солтанбаева Б**


**Тобы:** МОЖТ-21



*Бесік* — нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек. Бесікті Орталық Азия мен Кавказ, Үндістан, Қытай жерін мекендейтін халықтардың басым көпшілігі пайдаланады. Қазақта бесік қасиетті, киелі құтты мүлік болып есептеледі.




Қазақ бесікті қарағай, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасайды. Мұндай бесік жеңіл, ықшам әрі берік, көшіп-қонуға ыңғайлы болады. Бесік баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы орнатылатын **түбек** пен **шүмек** бала дәретін жайылдырмайды. Шүмекті қойдың асық жілігінен жасайды, кейде айрықша аппақ болуы үшін сүтке қайнатып алады.









1. Жөргек. 2. Қолбау, тізе бау. 3. Қалың бесік жапқыш. 4. Жұқа бесік жапқыш. 5. Түбек. 6. Шүмек.  
7-8-9. Кепіл. 10. Жастық. 11. Көрпе. 12. Құс төсек.

**Кепіл.** *Нәрестенің жамбас тұсына, тізесіне кепіл ретінде арнайы тігілген бірнеше кішкене жастықшалар қойылады. Ол жастықшалар түбек орналасқан ойықтың төңірегіне төселеді.*



# Бесіктің 8

## пайдасы!



**Бірінші** – қол-аяғын ербеңдетіп бос жатқан сәбидің ұйқысы тыныш болмайды. Ұйқысы қанбаған баланың зердесі толық жетілмейді.

**Екінші** – баланың мазасыздығы ананың психологиясына әсер етеді. Бұндай жайсыздық сүт арқылы сәбиге беріледі. Сондықтан бесікке жатпаған бала болашақта сабырсыздау болады.

**Үшінші** – баланы бесіктен шешкен кезде сәби керіліп-созылып, рахаттанады. Денесінің әртүрлі күйде болуы оған демалыс сыйлайды.

**Төртінші** – сәбидің тұлабойы таза болып, тазалыққа бойы үйренеді.

**Бесінші** – бесіктегі баланың денесіне дымқыл, сыз дарымайды. Құрғақ болады. Ол мықты денсаулық кепілі. Әрі қол-аяғы сыптай болып өседі.

**Алтыншы** – бесік белгілі бір ритммен ғана тербетіледі. Баланың жүйкесі бір жүйе, тәртіпке түседі.

**Жетінші** – бесіктегі балаға ана әлдиі әбден сіңеді. **Қайырымды мінез** қалыптасады. Бесік жырын тыңдаған баланың қанына ұлттық қасиет дариды.

**Сегізінші** – бесік сәбиді сырттан келетін кері энергия немесе тіл-көзден сақтайды.

# Бесікті зиян деп есептейді...

«Чем опасна колыбель бесик?»

Во-первых, ребенок целый день лежит без движения. Из-за этого происходит гипотрофия мышц, то есть, слабость мышечного тонуса. Отсюда будут страдать другие органы. Еще плохое будет кровообращение, значит, кислород не будет поступать в мозг. Будет кислородное голодание», - отметила детский врач.



## *Бесікке қатысты тыйымдар мен ырымдар.*

1. Бос бесікті тербетуге болмайды.
2. Бесікті сатуға болмайды. Бесікті саудаламайды. Айтқан бағасына сатып алу керек.
3. Кез келген адамға беруге болмайды.
4. Аяқ астына тастауға болмайды.
5. Бесіктің өзін отпен аластап қояды.
6. Бос бесікті еш уақытта жабусыз қалдырмау керек. Үстіне ақ мата жауып, ең болмағанда ұршығына орамал байлап қою қажет.
7. Бесіктің теріс жағына отырмайды.
9. Бесік жасайтын шеберлер ынсапты болуы тиіс. Киелі дүниенің бағасын аспандатпауы керек.





# Бесік той


Туган-туыстары *жиытып,* нәрестені бесікке салу дәстүрін өткізеді. «Бесік алып бару» — қазақтың бір жерге келін болып түскен қызы тұңғышын босанғанда орындалатын дәстүрі. Бесіктің жасауын қыздың анасы даярлайды. Алып барған китінің ішіне **тоғыз түрлі заттар** салады. Тоғызға бағалы киімнен бастап, ұсақ заттар да кіреді.






Жаңа бесікке нәрестені бөлмес бұрын, бесікке салушы бесіктің жабдықтарын орындарына қойып, шашу ретінде алып келген шайлық тәттілері мен ұсақ, ақшалай сыйлықтарын араластырып, бесіктің түбек байлайтын тесігінен өткізіп, қолын тосқан әйелдерге «тыштыма» деп, үлестіріп береді. Жаңа бесікке олар байғазыларын береді. Құдағилар білезік пен жүзіктерін бір-біріне сыйлайды. Бесік жыры әндері айтылып, би биленіп, көңіл көтереді.минус





Бесик резной вариант -60000 тг







- 1. «Байғазы» салт -дәстүрінің мазмұнын түсіндіріңіз.  
Жеті атаны атап бер**
- 2. «Көрімдік» салт-дәстүрінің мазмұнын түсіндіріңіз.  
Үш алысты атап беріңіз.**
- 3. «Бастаңғы» салтының мағынасын түсіндіріңіз.  
Жеті қазынаны атап беріңіз.**
- 4. «Иткөйлек» салтының мағынасын түсіндіріңіз.  
Үш арсызды атап беріңіз.**



*Назарларыңызга  
рахмет!*





